

ШЖҚ «Көксу аудандық орталық ауруханасы» МКК

**Террорлық актісін жасау қаупі
төнген кезде іс-қимылдарын және
терроризмге қарсы қорғанысты
қамтамасыз ету жөніндегі
нұсқаулық**

Балпық би, 2017 жыл

Терроризм – (лат terror – қорқыныш, үрей) – саяси мақсатты сылтауратып күш қолдану.



Террористік тұрғыдан осал
объектілер басшыларының,
қызметкерлердің міндеттері

*!!! «Терроризмге қарсы іс-қимыл
туралы» Қазақстан
Республикасының 1999 жылғы 13
шілдедегі №416- I Заңы.*

1. Жарылу қондырғысына ұқсас күдікті затты тауып алған кезде:

- Орын алған жағдай бойынша басшының нұсқауымен немесе өз еркіңізбен құтқару қызметінің «112» немесе полицияның «102» номерлері арқылы нысан атауын, мекен-жайын және табылған заттың уақытын көрсете отырып хабарласыңыз;
- Табылған күдікті затқа тиіспеу, жақындамау, орнынан қозғамау. Затқа жақын жерде шылым тартпау, ұтқыр байланыс құралдарын қолданбау.

- Қауіпті аумақты радиусы кем дегенде 100 метрге дейінгі жерді адамдардан босату;
- Күдікті затқа және қауіпті аумаққа мүмкіндігінше күзетті қамтамасыз ету;
- Құқық қорғау өкілі келгенге дейін күту, одан әрі құқық қорғау өкілінің нұсқауымен әрекет ету;
- Объектіге тексеру жүргізу, қызметшілердің санын білу және оларға өзін-өзі ұстау бойынша ақыл-кеңес беру.

NB!

- Зат көп адамдар жүруі мүмкін жерлердегі қалтарыстарда, жарылыс және өрт қаупі бар орындарда, әртүрлі коммуникация орналасқан жерлерде: **сөмке, орам, пакет** және т.б. түрінде жатуы мүмкін. Ол сыртқы түрі бойынша жарылыс қондырғысына (гранат, мина, снаряд) ұқсас және өткізгіш жіп, арқан, изолената, жабысқыш түрінде жатуы мүмкін.

2. Телефон қоңырауы арқылы лаңкестің қауіп төнген кезде

- Қоңырау соғып тұрған адамды тыңдап, оның сөйлеу ерекшеліктерін бақылап және естілетін шуды тыңдап, нақты ақпарат алғанша, оның кім екенін және ниетін, ойын анықтағанша мүмкіндігінше әңгімелесіп қоңырауды созуға тырыс;
- Жасырын хабарламаның мазмұны, уақыты, қоңырау түскен телефонды жазып, басқа телефоннан кезекші қызметкерге хабарласыңыз

- Орын алған жағдайлар бойынша басшының нұсқауымен құтқару қызметінің «112» немесе полиция «102» нөмерлері арқылы хабар беру;
- Құқық қорғау қызметкерлері келгенше ғимараттың ішіндегі тұлғаларды эвакуациялау бойынша шаралар қолдану;
- Құқық қорғау органының қызметкерлері келген кезде оларға жасырын хабарлама авторын анықтауға көмек көрсету.

Лаңкестік сипаттағы қауіп бар жазбаша түрде хабар түскен кезде:

Ұйымға жазбаша түрдегі қауіп **почта, хат, жазба, дискетаға жазған ақпарат** түрінде түсуі мүмкін.

- ❖ Келген ақпаратпен мүмкіндігінше мұқият болу керек;
- ❖ Конвертпен келсе мұқият ашу керек;
- ❖ Келген ақпаратты тігуге, желімдеуге, тіркеу номерлерін өшіруге болмайды.

Объектілерге террорлық акті қаупі жасалған кезде:

- Әкімшілікке және құқық қорғау органдарына хабар беру;
- Адамдарды **эвакуациялау**, зиян шеккендерге көмек көрсету;
- Бөгде адамдарды қауіпті аумаққа жібермеу;
- Құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне болған жағдайды түсіндіру, одан ары солардың нұсқауы бойынша...



Адамдарды кепілге алған кезде:

- Жағдайды құқық қорғау органдарын хаб;
- Қауіпті аумақтан адамдарды шығару;
- Террористтермен өз еркіңізбен қарым-қатынасқа түспеңіз;
- Қажет болса қылмыскерлердің талаптарын толық орындаңыз (өзіңіздің және басқалардың өміріне қауіп төндірмеу);
- Шұғыл қимылдар жасамау.



Егер сіз кепілге алынсаңыз:

- Өз-өзіңізге мүмкіндігінше жылдам келіңіз, тынышталыңыз, үрейленбеңіз;
- Байлап немесе көзіңізді жапса, бойыңызды еркін ұстаңыз, терең тыныстаңыз;
- Болуы мүмкін қатал сынаққа, моральдық және эмоционалдық сынаққа дайын болыңыз;
- Егер қашып шығуға сенімді болмасаңыз, қашпаңыз.
- Террористер туралы көбірек ақпарат жинаңыз;
(саны, қарулануы, дене бітімі, сөйлеу акценті)

- Әртүрлі белгілер бойынша өзіңіз отырған орынды анықтауға тырысу;
- Мүмкіндігінше терезелерден, есіктерден және адам ұрлаушылардан алысырақ болыңыз (құқық қорғаушылар шаралары);
- Ғимаратқа шабуыл жасалғанда қолыңызды желкеңізге қойып, етпеттеп жату;

Қорытынды

- *Сақтайық, сақ болайық!!!*
- *Терроризмнің бетін әрі қылып, еліміз тыныш, аспанымыз ашық болып, әр кез бейбітшіліктің таңы атсын дегім келеді.*

Назарларыңызға рахмет!

